Қорытынды: Оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп,ой пікірлерін ортаға салды. тренинг барысында оқушылар өз алдарына қойған мақсаттарымен бөлісіп,соған жету жолында сабырлы мінез бен еңбектің қажеттілігін түсінді. жақсы мен жаманды ажырата алады.өмірлеріне жауапкершілікпен қарау қажеттігін сезінді.

**"Ерте жүктілік пен жыныстық қол сұғылмаушылық" бойынша алдын-алу** жұмыстарының жылдық жоспары құрылды.

Қазан айында "қыз баланың инабаттылығы, әдемілік, әсемдігі" сауалнамасы алынды қатысқан 6-11 сынып қыз балалары арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Қорытынды. Қыздардың бойында қыз балаға тән мінез-құлық, әдеп ережелері қалыптасқан.

Қараша айында "Қыз қылығымен көркем" дөңгелек үстелі болды. 7-8 сынып қыз балалары, мектеп медбикесі, сынып жетекшілер, ДТІЖ орынбасары-Г.Меңдеш, қыздар ұйымының жетекшісі қатысты.

"Қазақ қызы қандай болу керек? "Қыз балаға 40 үйден тиым" «Қыздарға әсемдік жарасады» «Сұлулықтың түрлері» тақырыптарында әңгімелер.ой бөлісулер өтті. «Ақылды қыз білімге жүгінер,ақылсыз қыз сөзге ілінер» сөзінің мағынасын ашып,талдаулар жүргізілді. Қорытынды: Қыз бала жақсы қасиеттерімен ерекшеленіп,ұлтжандылығымен, нәзіктігімен ,рухани тазалығымен ерекшеленетіндігіне көз жеткізді.

Презентация,бейне ролик,слайдтар арқылы жан жақты ақпараттар берілді. Репродуктивті денсаулық дегеніміз не? Физиологиялық даму процестері, ерте жүктіліктің зияндылығы, туралы толық ақпарлар беріліп, ой бөлісулер өтті. Мамандардан қыз балалар өздерін толғандырған сұрақтардың жауаптарын толық алды.

Қорытынды: Қыз бала болашақ ана,қыз баланың жеке гигеналық тазалығы, репродуктивті денсаулықтың үнемі есте ұстану.

«Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан», Қыз баланың гигиенасы психологиялық тренинг жүргізілді. Қатысқан 8-11 сынып қыз балалары. Психологиялық жаттығулар «Амандасу», «Автопортрет» жасалып,қыз балаларға жағымды көтеріңкі көңіл күй қалыптастырып, қарым-қатынастаға мәдениеттіліктің, мәдени сөйлеудің маңыздылығына көз жеткізді.

**Ата-аналармен жұмыс**

Қыркүйекте "Өз балаңа үлгі бол!" "Менің балам 1-ші сынып оқушысы" атты сауықтыру ақпараттық жұмыс ұйымдастырылды. Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер және 1 сынып ата-аналары қатысты.

Мақсаты: 1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделу кездесетін сәтсіздіктердің алдын алу, ата-аналармен бірлесе шешу. бас қосу барысында 1-ші сыныпқа көшу бала өміріндегі басты қадамның бірі, оқуға,ортаға бейімдеуде ата-ананың ролінің ерекшелігі, ата-ананың сүйіспеншілігі мен шыдамдылығы баланы ортаға бейімдеуде,білім алуда ілгерлеуінің кепілі екендігін есте ұстану қажеттілігі туралы кеңестер берілді.

Қазан айында, "Орта буын оқушыларының психикалық дамуының сипаттамасы,орта буынға бейімдеу" тақырыбында 5-ші сынып ата-аналармен,пән мұғалімдерімен дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: 5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезіндегі кездесетін сәтсіздіктердің алдын алу, ортаға бейімделулеріне жағымды жағдай жасау.

Қараша айының 8-не ата аналармен «Әрбір бала жарық жұлдыз» атты тренинг өткізілді. Желтоқсан айында «Менің әлемім» тренингі өткізілді.

**Қараша,ақпан айларында, 8-9-10 класс оқушыларынан «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу»** бағдарламасы негізінде сауалнамалар алынды. Сауалнамаға барлығы- 56 оқушы қатысты. Сауалнама қортындысы шығарылып,жасөспірімдермен әр сынып бойынша «Өзіңнің көңіл-күйіңе әсер ет және оны жақсарт», «Стресс және дағдарыс», «Өз көңіл-күйіңе әсер ет,оны жақсарт (диалог)

Дәрісте психикалық денсаулық туралы мәліметтер,өзіне-өзі көмек беру бойынша кеңестер,депрессия және келеңсіз ойлар одан шығу жолдары,өз көңіл күйінді басқара алу жолдарынан ақпараттар берілді.

Зерттеу қортындысы бойыншы өзін-өзі қалыпты бағалау,қарым-қатынастағы мәдениет,сенімділік орнатуға «Достығымыз жарасқан» «Өзіңді өзің тани біл»

дамытушылық сабақтары ұйымдастырылды.

**ҰБТ-ге психологиялық көмек жұмысы**

Биылғы 11 сынып оқушылары саны-12

Оқушыларды ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдан дайындау жоспарлы түрде жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың мақсаты:Жеке тұлғаның өзіне деген сенімділігін дамыту,әртүрлі

әлеуметтік ортаға қалыптастыру,ұжымдық қарым-қатынасқа баулу,өзіндік бағалауын,

ішкі эмоциясын қалыпты ұстауға,түрлі жағдайдағы стресті жеңе білуге,танымдық қабілеттерін дамытып,өз ойларын нақты жеткізе білуге дағдыландыру.

- ҰБТ-ге қалай жақсы дайындалуға болады?

- Жетістікке жету жолдары
- Сынақ алды танымдық қабілетті дамыту
- Ұмытшақтыққа қарсы күрес
- Ішкі-сыртқы көңіл-күй тепе-теңдігін қалай қалыптастырамыз?
- Аутогендік,релаксациялық жаттығулар
- Жүйкелік-психикалық қысымдылықтан арылу т.б

Мұнда оқушыларға сауалнама,анкеталық жұмыстар,психологиялық тренингтер,жатты-

ғулар,талқылаулар,кеңестер мен бағыттар,ақпараттық сабақтар қамтылған.Берілген материалдар,тапсырмалар күнделікті өмірден,ғылыми зерттеліп,дәлелденген материал-

дардан алынды.Әр оқушының кәсіби ой-ниеті айқындалды. Сауалнамалар арқылы «ҰБТ-ге көзқарасы» анықталды. Әрбір оқушының мінез типтерін анықтап, «ҰБТ неге қобалжы-

тады?», «Сынаққа қалай жақсы дайындалуға болады?», «Емтихан алды танымдық қабілет-

ті дамыту жолдары», «Ұмытшақтыққа қарсы күрес», «Стресс туралы ұғым» ақпараттық

сабақ, «Ішкі,сыртқы көңіл-күй тепе-теңдігін қалай қалыптастырамыз?»Аутогендік,релак-

сациялық жаттығулардың маңыздылығы туралы психотехникалар, «Жүйкелік-психикалық қысымдылықтан арылу», «Сенімді мінез-құлықты қалыптастыру», «Мінез-құлықты басқа-

ра алу техникалары», «Тығырықтан шығу жолдары.Оны болдырмау», « Сынақ алды,сынақтан кейінгі мінез-құлықты басқара білу жолдары», «ҰБТ жағдайында оқушы бойында стрестің болмауын қамтамас ету» тақырыптарында түзете-дамыту жұмыстары,тренингтер,

психологиялық жаттығулар,кеңес бағыттар,диогностикалар, сауықтыру жұмыстары жүргізілді. Әрбір жасалған жұмыстар талданып,ата-ана,мұғалімдерге,оқушыға кеңес,бағыттар берілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі, емтиханға дейінгі кейінгі уақытта өзін қалай ұстау қажеттігін білді,мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңу,өзіне деген сенімділіктері

артып,стреске қарсылықтары нығая түсті,жүйкелік-психикалық қысымдылықтан арыла

білді,ішкі-сыртқы тепе-теңдігін сақтай білу үшін аутогендік,релексациялық жаттығуларды тиімді пайдалана білуге дағдыланды. ҰБТ тапсырмаларына жүйелі қалай дайындыла білу жолдарын білді.

Ата-аналар балаға қолдау көрсете білу жолдарымен танысты.Нәтижесінде. ҰБТ кезінде,сынақтан кейін оқушылар мінез-құлық тепе-теңдігін сақтай білді.

**Педагогтармен жүргізілген жұмыстар**

«Бастауыш класс оқушыларында кездесетін қиындық түрлері»» бірінші класс мұғалімдеріне кеңестер берілді.

«Орта буынға бейімделу,ауыспалы кезеңдегі тұлғаның жас ерекшелігіндегі кездесетін сәтсіздіктер,оның алдын-алу жолдары» психологиялық семинар-тренинг ұйымдастырылды. Орта буынға өткен әрбір баланың жан-дүниесіне терең үңіліп түсіну,оқушыларға жағымжы ахуал орнату туралы бағыттар мен кеңстер берілді.

Бойдағы мазасыздықтан арылу,эмоциялық көңіл күйді көтеру» тренингі ұйымдастырылып,ұстаздарға жағымды көңіл күй қалыптастырды.

«Жасөспірімдерге тән мінез ауытқулары», «Бала мінезіндегі қиыншылықтар,оның алдын-алу» , «Толеранттылық деген не,менің жетістігім?»,«Кластағы қиын оқушыларды анықтай білу» сауалнама алып,дәрістер оқылды.

«Ашуыңызды ірке білесіз бе?», «Өзін-өзі бағалау деңгейі» сауалнамасы алынып,нәтижесі бойынша бағыт,кеңестер берілді.

«Мен ғажайыппын!», «Әріптестік қарым-қатынас», «Жағымды көңіл-күй қалыптастырайық», «Көтеріңкі көңіл-күй жан жадыратады» әрбір тоқсан сайын тренингтер жүргізіліп отырды. Әрбі ұстаз ғажайыпқа толы,»ғажайыптылық»өзіміздің жүрегімізде екендігі,Өмірде адам баласы екі нәрсемен қартайматындығын,біріншісі-қайырымдылықпен,екіншісі-жылы сөбен. Осы арқылы біздің көңіліміз көтеріңкі,баламен,айнала қоршаған ортамен қарым-қатынастағы сәттілік жағымды қалыптасатындығын есте ұстанды.

Жас мамандарға арналған «Оқушы мен мұғалім қарым-қатынасы»,ұстаздармен бірлесе

«Қиын бала мінезіндегі ауытқулардың алдын-алу» дәрісі, ұйымдастырылды. «Педагогтардың кәсіби мәдениеті мен этикасы» тақырыбында ой бөлісулер өтті.

**Жүргізілген жұмыстың нәтижесі,бағыты**

ҰБТ-ге деген сенімділігі,стрестен шыға білу әдістерін,ішкі-сыртқы көңіл-күй тепе-теңдігін сақтау,агрессияны тежей білу әдістерін игерді. Әр түрлі бағыттағы сауалнамалар алу арқылы әрбір оқушының мінез құлқындағы өзгерістер анықталып дамыта-түзетусауықтыру сабақтары жүргізіліп,кеңестер бағыттар берілді.

Ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым қатынас нығайды. Ата-анаға деген құрмет,Өмірдің құндылықтары,қарым-қатынастың мәдениетін сақтау,кикілжіңнен аулақ болу,оның ден саулыққа кері әсері,кешірімділік,адами құндылықтар жөніндегі ұғымдары кеңейе түсті.

Әрбір оқушының шығармашылық потенциалын анықтау,мінез ауытқушылығын болдырмау,тұлғалық қарым-қатынас нормалырын қалыпты ұстай білуге,оқушы-атана,мұғалім тұғырын бірлестіру жұмыстарын дамыту.

**Құқық бұзушылық тың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:**

- Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.
  📌Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.
  Осы мақсатта «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс – шарасы, «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық шарасы өткізіліп, мектеп ұстаздары мен ата – ана қатысты.







- Өскелең ұрпақтыңарасында «Зорлық – зомбылықтың» алдын алу мақсатында «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында аудандық аурухананың жасөпірім дәрігері Ж.С.Кереева, СӨСҚ маманы Г.К. Есқазинаның қатысуымен семинар тренинг өтті.






15.09.2023 жыл № 83/1 бұйрығына сәйкес полиция бөлімінің есебіне алынып жатқан қолайсыз отбасыларды бақылау үшін мобильді топ құрылды. Қолайсыз отбасы балаларымен, ата – анасыныңқадағалауынсыз қалған, өгей әкемен тұратын оқушылармен жасалынатын бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес «Әкеге ізет, анаға құрмет» тақырыбында сынып сағаттары, кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.






**ҚР Оқу – ағарту министрінің 29.06.2023 №186 бұйрығымен оқушылар арасында буллингті болдырмау мақсатында**

**Киббербулинг: балалрдың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата – аналармен дөңгелек үстел**




**«Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен басқа да аналардың қатысуымен «Қызым, сен тыңда!» тақырыбында дөңгелек үстел**





**«Ерте жүктіліктің алдын – алу» мақсатында «Әдеп пен ар – ұят қыздың көркі» тақырыбында қыз балалармен кездесу**







**Бопсалау, жәбірленушіліктің алдын алу бойынша сауалнама жұмысы мен буллингке қарсы челлендж өткізілді.**







**Мектеп медбикесі нашақорлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға зиянды әдеттер туралы түсінік жұмысын жүргізді.**






**Оқушылар арасында «Жол – көлік оқиғаларының» алдын алу мақсатында «Жол жүрісінің қауіпсіздігі апталығы өткізілді.**




**2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша**

| S (мықты) | W (әлсіз) |
|---|---|
| Тәрбие жұмысы бойынша іс шаралардың жоғары деңгейде өткізілуі<br><br>Аудандық, мектепішілік полиция есебінде тұрған оқушы жоқ | Ата –аналардың сынып , мектеп жиналысына қатысымы төмен |
| O (мүмкіндік) | T (қауіп) |
| Іс –шараларды облыстық деңгейде өткізу | Оқушылардың әлеуметтік желіге тәуелділігі |

**Қорытынды:** 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүргізілген тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың бойына өзіне, Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншілік қасиеттерін сіңірте алдық. Оқушылар адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада , жолда өзін қалай ұстау керек екендігін үйренді. Ар –ұят, талап, ұлттық мүдде сынды құндылықтарды бойларына сіңіре алды.

## 7-БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ.

7.1. Үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі.

**2023-2024 оқу жылының жылдық білім сапасы қорытындысы.**

Оқушылар саны төмендегідей:

1-4 сыныптар бойынша оқу жылының басында 96 оқушы, соның ішінде қызы 54 бала болды. Оқу жылының соңында 97 оқушы, соның ішінде 54 қыз бала.

5-9 сыныптар бойынша оқу жылының басында 115 оқушы, соның ішінде қызы 67 бала болды. Оқу жылының соңында 117 оқушы, соның ішінде 68 қыз бала.

10-11 сыныптар бойынша оқу жылының басында 19 оқушы, соның ішінде қызы 10 бала болды. Оқу жылының соңында 19 оқушы, соның ішінде қызы 10 бала болды.

1-11 сыныптар бойынша оқу жылы басында 230 оқушы, соның ішінде қызы 131 бала болды. Оқу жылының соңында 233 оқушы, соның ішінде қызы 132 бала болды.

| Сынып | Оқушы саны | 203-2024 оқу жылы |
|---|---|---|
| 1 сынып | 24 | |
| 2а сынып | 16 | |
| 2ә сынып | 15 | |
| 3 сынып | 19 | |
| 4 сынып | 23 | |
| 5 сынып | 26 | |
| 6 сынып | 19 | |
| 7а сынып | 17 | |
| 7әсынып | 18 | |
| 8 сынып | 21 | |
| 9 сынып | 16 | |
| 10 сынып | 7 | |
| 11 сынып | 12 | |

2023-2024 оқу жылында №2 Қарауылкелді орта мектебінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің беретін оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің бұйрығына сәйкес 9 және 11 сыныптардың оқушылары мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өтеді.

**Өзін –өзі бағалаудан келесі қорытындылар жасауға болады:**

1. Оқу бағдарламасы толығымен орындалды.
2. Вариативтік компоненттің элективті курстары мен элективті пәндері типтік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Кез келген педагогикалық ұжымның алдыңғы қатарлы маңызды міндеттерінің бірі білім сапасын көтеру. Оқушылардың білім стандартын жетік меңгеруі білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады. Сыныптар бойынша оқытылу деңгейі нәтижесі, әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндердің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру үшін қолданылады:

- Мектептің статистикалық есептері мәліметтері
- Әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепішілік бақылау жүйесі арқылы ақпараттар
- ОЖСБ нәтижелері, емтихандар мен қорытынды тестілеу

**Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

-ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі

-ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі

- білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардыңоқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

## 7. БӨЛІМ. ҰСЫНЫСТАР

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 7ә сыныбын жалпы сыныптық бақылауға алу.
2. Қолдану , талдау, жинақтау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды сабақ барысында жүйелі қолдану.
3. Әр тоқсанда атқарылған жұмыстардың мониторингісін шығарып, кемшілікті жоюдың әдістерін тәжірибеге енгізу
4. Оқушыларға білім беруде білім сапасына оқытудың тиімді жолдарын жүйелі қолдануды ұйымдастыру.

**Мектепішілік бақылау бойынша**

1. Өткен тақырыптарды жаңа сабақпен ұштастыруды жоспарға енгізу
2. Қате жіберілген тақырыптар бойынша қосымша қайталау жұмысын жүргізу
3. Бақылау жұмысын орындау дағдысын жетілдіру

4. Білім сапасын төмен аяқтаған 5 б сыныбын келесі оқу жылында жалпы сыныптық бақылауға алу.

**Әдістемелік жұмыс бойынша:**

1. Іс – әрекетті зерттеуді жүргізудің жоспарын құру
2. Біліктілік арттыру курсына қатысқан педагогтерді ӘБ отырысында семинар өткізуді жоспарға енгізу.
3. Тренерлік жұмысты күшейту

**Тәрбие беру жұмысы бойынша:**

1. Белгілі тұлғалармен кездесу ұйымдастыру
2. Мектеп мұражайын ашу жұмысын ұйымдастыру

**Әлеуметтік жұмыс бойынша :**

1. 1-11 сыныптар бойынша отбасылардың толықтай әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тұрмысы төмен отбасыларға көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсыру

**Психологиялық жұмыс бойынша:**

1. Қиын баламен тиімді, жүйелі жұмыс атқаруға байланысты тәжірибе алмасу
2. Ата ананы мектеп өміріне тарту

Комиссия төрағасы: Б.Онгаров
Комиссия мүшелері: Ж.Жангалиева
Г.Меңдеш
А.Тайшыбаева
А.Ануарбекова

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2023 жылдың 2 қазан айының – 2 қараша айының аралығында мектепішілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепішілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Б.Онгаров - комиссия төрағасы, мектеп директоры.
2. Г.Жанғалиева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Г.Меңдеш - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. А.Тайшыбаева - кәсіподақ ұйымының төрайымы
5. Н.Молдатурин – шаруашылық меңгерушісі
6. Л.Жаңабаева – әлеуметтік педагог
7. Ә.Жаңабай –АӘД жетекшісі
8. А.Спанова – қамқоршылық кеңес төрайымы

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2023 жылдың 2 қазан айының – 2 қараша айының аралығында мектепішілік өзін-өзі бағалау өткізілді.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы;
2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі; жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инварианты компонент пәндерінің, вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуы;
3. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.
4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.
5. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.
6. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.
7. Жалпы білім беру ұйымы бойыншаматериалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьтерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, мектеп асханасының, медициналық қызметтің болуы.

**1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.**

«№2 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1938 жылы салынған.

Жалпы орта білім беретін мектеп 1 қабатты
Жобалық сыйымдылығы - 265 орындық
Мекеме ғимаратының түрі: типтік
Жалпы көлемі: 1110 ш.м.
Меншік түрі: Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
Мекен жайы: Қарауылкелді ауылы, С.Жиенбаев, 9 үй
Телефон: +7 (713 45) 23 1 11; +7 (713 45) 22 0 49
E-mail: 2kom_2016@mail.ru
Оқу тілі: қазақ тілі

Мектеп директоры Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі басшысының 2023 жылдың 28 ақпандағы №15 бұйрығымен № 2 Қарауылкелді орта мектебі директоры қызметіне тағайындалды.

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензия номері KZ35LAA00021008. Лицензияның берілген күні 29.01.2021ж. алғашқы берілген күні 19.07.2018ж. «ҚР Білім және ғылым министрлігініғ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-баб 3 тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министірінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы 29 тамызда №23 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 5 адамнан тұрады.

**Мектептің негізгі мақсаты**: ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқушыларды диалогтық оқыту мен STEM бағдарламалары арқылы оқыту, нәтижелі білімге қол жеткізу.

№2 Қарауылкелді орта мектебінде 41 педагог, 17 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 1 директор, 1 оқу ісі орынбасары, 1 тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 әлеуметтік педагог, 1 қосымша білім беру педагогы, 1 педагог-ұйымдастырушы, 1 психолог, 1 кітапханашы, 1 іс жүргізуші бар. Жоғары білімді педагогтар саны – 39, арнаулы орта – 2. Пайыздық үлесі: 96% .

Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші – 9, педагог –сарапшы – 17, педагог – модератор – 6, бірінші санатты -0, екінші санат-1, санатсыздар -8; Пайыздық үлесі: 78%

«№ 2 Қарауылкелді орта мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-жұмыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығының 1 қосымшасы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары бойынша жасалған және мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің келісімімен бекітілген.

Жұмыс жоспарына сай 2023-2024 оқу жылына мектеп кәсіподақ, ата-аналар комитетінің келісімен мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық техникалық базасы мен кадр ресурстары ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚРДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 30 минут үзіліс көзделген. Бірінші аусымдағы сабақ 8.00-ден 13.55-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.15-ден 19.55-те бітеді.

2023 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

2023- 2024 оқу жылында «№2 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізілді.

2023- 2024 оқу жылында «№2 Қарауылкелді орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында ***230*** оқушы болса, мектепалды даярлық класында 1 класс-комплектісі- 21 тәрбиеленуші;

| Сыныптар реттілігі | Оқушы саны |
|---|---|
| МАД №1 топ | 21 |
| 1 сынып (литер: а) | 24 |
| 2сынып (литер: а) | 31 |
| 3сынып (литер: а,ә) | 19 |
| 4 сынып (литер: а) | 22 |
| 5 сынып (литер: а) | 24 |
| 6 сынып (литер: а,ә) | 18 |
| 7 сынып (литер: а) | 35 |
| 8 сынып (литер: а) | 20 |
| 9 сынып (литер: а) | 18 |
| 10 сынып (литер: а) | 7 |
| 11 сынып (литер: а) | 12 |
| **Барлығы** | **230** |

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық және вариативтік компонент оқу жүктемелері төменде келтірілген:

**2. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.**

**3. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу.**

1-4-кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-кластарда 6 сағаттан, 4-класта 10 сағаттан бастауыш класс мұғалімдері іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен,11сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

**4. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.**

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда әрбір сыныпта 6 сағаттан класс сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта класс жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

5-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақ тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді.

**5. Жалпы білім беру ұйымы бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьтерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, тамақтану обьектісінің болуы, медициналық қызметтің болуы.**

Мектепте 10 оқу кабинеті бар, 2 шеберхана 1 қыз балаларға, 1 ер балаларға арналған, 1 спортзал, 1 асхана, 1 медициналық пункт, 1 кітапхана, 1 мұғалімдер бөлмесі, дәретханалар /1 ер балаларға, 1 қыз балаларға арналған/, 2021-2022 оқу жылында мектеп модернизациядан өтті. Физика, биология кабинеттеріне 3305344 теңгенің және Робототехника 2 128 000 тг. құрал- жабдықтарымен жабдықталды.

№2 Қарауылкелді орта мектебіне 2023 жылы Аудандық білім бөлімінен 1сынып оқулығы 30 дана, 8 сыныпқа 52 дана оқулық алынып жеткізіліп берілді.

Қосымша 198 көркем әдебиет берілді.

Оқу жылы қорытындысы бойынша бастауыш білім беру оқу сапасы – 49%, негізгі білім беру оқу сапасы 48%, жалпы орта білім беру оқу сапасы – 52%, жалпы оқу сапасы – 56 %